


**2022 жылдың желтоқсан айындағы  
іскерлік белсенділік туралы  
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Іскерлік белсенділік индексі динамикасының біршама жақсарғаны байқалады, алайда, индекс бұрынғысынша теріс аймақта тұр. Логистикадағы проблемалар мен жеткізу ісіндегі кідірістер – іскерлік белсенділікті тежейтін негізгі себептердің бірі. Іскерлік белсенділік индексі желтоқсанда 49,2 болды.

Жаңа тапсырыстар мен жаңа өнім көлемі ұлғаюы есебінен өндірісте іскерлік белсенділік артты. Мұнда индекс 50,4-ке дейін көтерілді (қарашада – 49,0). Қалған секторларда индекс 50 шамасынан төмен қалыптасты. Бұл ретте құрылыста көрсеткіштің 46,9-ға дейін біршама жақсарғаны байқалады (қарашада – 45,1). Қызмет көрсету секторында көрсеткіш 49,4 (қарашада – 49,3) күйінде қалып, аса өзгеріс байқалмады. Тау-кен өнеркәсібінде жаңа өнім көлемі, жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі және жеткізу мерзімінің ұлғаюы есебінен іскерлік белсенділік 47,3-ке дейін төмендеді (қарашада – 48,7).



2022 жылғы желтоқсанда кәсіпорындардың бизнес жүргізудің болашақ жағдайларына қатысты күтулері нашарлағанымен, жалпы оң позицияда болды. Кәсіпорындар бүгінгі бизнес жағдайларды әлі де теріс бағалап отыр.

Сөйтіп, **бүгінгі және болашақ** бизнес жағдайлардың орташа бағасын білдіретін **бизнес-ахуал индексі** 2,6-ға дейін төмендеді. Алайда, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды.

Кәсіпорындар коммуникацияларға қолжетімділік пен дайын өнімге деген сұранысты оң бағалады. Бизнес жағдайларының қалған факторларында (салық жүктемесі, қаржыға/кредитке қолжетімділік, бизнесті қорғау мәселелері) теріс баға басым.

**Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>**